e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 16.03.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 16.03.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 210 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 шілдеде № 5503 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Акимат Северо-Казахстанской области

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 228 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 16.03.2020 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Күші жойылған

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 228 қаулысына (2016 жылғы 25 шілдеде «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3828 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

көрсетілген қаулымен бекітілген «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 16.03.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 16.03.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2019 жылғы
«29» шілдедегі № 210 қаулысымен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2016 жылғы
16 маусымдағы № 228 қаулысымен
бекітілді

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

Күші жойылған

1. Жалпы ережелер

1. «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 270 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11051 болып тіркелді) бекітілген «Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру»мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес әзірленді.

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Регламентке 1-қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының, аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы көрсетіледі.

Веб-портал арқылы мемлекеттік қызметті алуға электрондық сұраным берген кезде ақы төлеу «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңге жер учаскесіне арналған жер-кадастр жоспарын әзірлеу ақысыз негізде жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі –Заң) 5-бабына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жеделдетіп және алдын ала қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібінде көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады;

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады– жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жер-кадастр жоспарын қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі не осы Регламенттің 4-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

4. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

Күші жойылған

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылуы;

3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 24-бабы 1-тармағының 2-бөлігінде және 6-тармағында, 43-бабы 3-тармағының 6-бөлігінде және 6-1-тармағында, 49-2-бабы 6-тармағының 2-бөлігінде, 50-бабының 2, 2-1 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілген қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілген қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу үшін қағаз жеткізгіште жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, қажет болған жағдайда басып шығарылады және көрсетілген қызметті берушінің мөрімен және уәкілетті адамының қолымен куәландырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібін сипаттау

Күші жойылған

6. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі), оның ішінде жеңілдіктері бар адам Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздемебір данада мыналарды ұсыну болып табылады:

1-кезең:

1) Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру туралы өтініш;

2) жер учаскесінің орналасу схемасы;

3) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

түпкілікті таңдау актісін келісуді және жер-кадастрлық жұмыстар жөніндегі көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеуді өтініш беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Өтініш беруші келіспеген таңдау актісінің қолданылу мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыны хабардар ете отырып, келісілмеген таңдау актісін жою үшін тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне қайтарады.

2-кезең: келісілген түпкілікті таңдау актісі.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады;

порталға:

1-кезең:

1) Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру туралы электрондық өтініш;

2) жер учаскесінің орналасу схемасының электрондық көшірмесі;

түпкілікті таңдау актісін келісуді және жер-кадастрлық жұмыстар жөніндегі көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеуді өтініш беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Өтініш беруші келіспеген таңдау актісінің қолданылу мерзімі 10 (он) жұмыс күнін құрайды,ол өткеннен кейін, көрсетілетін қызметті алушыға хабарлама жіберіледі.

Күші жойылған

2-кезең: электрондық құжат нысанындағы түпкілікті келісілген таңдау актісі.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын, жер учаскесіне арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын растайтын, жер учаскесіне ауыртпалықтың жоқ екені туралы, көрсетілетін қызметті алушының төлем жасағанын (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ЭҮТШ арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Регламенттің осы тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан басқа тарту туралы қолхат береді.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1-кезең: келісуші органдар мен ұйымдардың оң қорытындылары бар жер учаскесін таңдау актісін дайындау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, жауапты орындаушы – сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органды (бұдан әрі – уәкілетті орган) айқындайды және уәкілетті органға жолдайды – күнтізбелік 2 (екі) жұмыс күні;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, уәкілетті органның жауапты орындаушысын айқындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы:

жер учаскесінің орналасу ахуалдық схемасымен (бұдан әрі – ахуалдық схема) жер учаскесін таңдау актісін дайындайды – 7 (жеті) жұмыс күні;

Күші жойылған

ахуалдық схемасымен жер учаскесін таңдау актісін бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге және Мемлекеттік корпорацияға мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытынды дайындау үшін келісуге жолдайды – 13 (он үш) жұмыс күні;

оң шешім қабылданған жағдайда – жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін уәкілетті органның басшысына бекітуге ұсынады не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап–2(екі) жұмыс күні;

5) уәкілетті органның басшысы ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін қарайды және оған қол қояды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап–1(бір) жұмыс күні;

6) уәкілетті органның жауапты орындаушысыМемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушымен келісу үшін ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін және Мемлекеттік корпорация ұсынған жер-кадастрлық жоспарды дайындауға арналған есепті (сметаны) жолдайды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

7) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға қол қойылған жер учаскесін таңдау актісінің қабылданғаны туралы қолхат береді, сондай-ақ өтініш иесін берілген қолхатта көрсетілген байланыс деректері бойынша ақпарат алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді және Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушымен келісілген жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін және жер-кадастрлық жоспарды дайындау қызметтеріне ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртекті) тапсыруды жүзеге асырады не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 15 (он бес) минут.

2-кезең: түпкілікті таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушының жер-кадастрлық жұмыстар жөніндегі көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеуі кезінде – жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару – 22 (жиырма екі) жұмыс күні:

1) Мемлекеттік корпорация ақы төленген жағдайда жер-кадастрлық жоспарды дайындайды және оны жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға жолдайды – 10 (он) жұмыс күні;

Күші жойылған

2) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның басшысы жер-кадастрлық жоспарды қарайды, бекітеді және жауапты орындаушыны анықтайды – 2 (екі) жұмыс күні;

3) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін дайындайды және көрсетілетін қызметі берушінің басшысына жолдайды – 3 (үш) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметі берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қарайды және қол қояды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің көшірмесін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға уақытша жер пайдалану шартын дайындау үшін жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

5) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган шартты дайындайды және қол қояды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің көшірмесін, жер-кадастрлық жоспарды және көрсетілетін қызметті алушы қол қою үшін екі данадағы шартты Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

6) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды беруді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушыға уақытша жер пайдалану шартына екі данада қол қойғызады - 3 (үш) жұмыс күні.

8. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіздеме болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1-кезең: жер учаскесінің таңдау актісін дайындау:

1) құжаттарды қабылдау және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдау;

2) өтінішпен танысу, қарар ресімдеу, өтінішті және құжаттар топтамасын уәкілетті органға орындау үшін жолдау;

3) өтінішпен танысу, қарар ресімдеу, өтінішті және құжаттар топтамасын жауапты орындаушыға жолдау;

4) ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін уәкілетті органның басшысына жолдау не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап жобасы;

5) ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісіне қол қою;

Күші жойылған

6) Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушымен келісу үшін ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін және жер-кадастрлық жоспарды дайындауға арналған есепті (сметаны) жолдау;

7) көрсетілетін қызметті алушыға қол қойылған жер учаскесін таңдау актісінің қабылданғаны туралы қолхат беру және Мемлекеттік корпорацияда жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін және жер-кадастрлық жоспарды дайындау қызметтеріне ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртекті) тапсыру.

2-кезең:

1) жер-кадастрлық жоспарды дайындау;

2) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен жер-кадастрлық жоспарды бекіту және жауапты орындаушыны айқындау;

3) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін дайындау;

4) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қою;

5) уақытша жер пайдалану шартын дайындау және қол қою;

6) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жолдау және беру.

Күші жойылған

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) уәкілетті органның басшысы;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы;

5) жер қатынастары жөніндегіуәкілетті органның басшысы;

6) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

10. Құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1-кезең: келісуші органдар мен ұйымдардың оң қорытындылары бар жер учаскесін таңдау актісін дайындау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері құжаттарды қабылдайды, өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 15 (он бес) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, жауапты орындаушы – сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органды айқындайды және уәкілетті органға жолдайды – күнтізбелік 2 (екі) жұмыс күні;

3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысады, өтінішке қарар қояды, уәкілетті органның жауапты орындаушысын айқындайды – 1 (бір) жұмыс күні;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы:

жер учаскесінің орналасу ахуалдық схемасымен жер учаскесін таңдау актісін дайындайды – 7 (жеті) жұмыс күні;

ахуалдық схемасымен жер учаскесін таңдау актісін бір мезгілде барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, тиісті қызметтерге және Мемлекеттік корпорацияға мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы тиісті қорытынды дайындау үшін келісуге жолдайды – 13 (он үш) жұмыс күні;

оң шешім қабылданған жағдайда жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін уәкілетті органның басшысына бекітуге ұсынады не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 2 (екі) жұмыс күні;

5) уәкілетті органның басшысы ахуалдық схемасымен жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін қарайды және оған қол қояды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 1 (бір) жұмыс күні;

6) уәкілетті органның жауапты орындаушысы Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушымен келісу үшін ахуалдық схемасымен жер учаскесін

Күші жойылған

түпкілікті таңдау актісін және Мемлекеттік корпорация ұсынған жер-кадастрлық жоспарды дайындауға арналған есепті (сметаны) жолдайды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

7) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға қол қойылған жер учаскесін таңдау актісінің қабылданғаны туралы қолхат береді, сондай-ақ өтініш иесін берілген қолхатта көрсетілген байланыс деректері бойынша ақпарат алу мүмкіндігі туралы хабардар етеді және Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушымен келісілген жер учаскесін түпкілікті таңдау актісін және жер-кадастрлық жоспарды дайындау қызметтеріне ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртекті) тапсыруды жүзеге асырады не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап – 15 (он бес) минут.

2-кезең: түпкілікті таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушының жер-кадастрлық жұмыстар жөніндегі көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеуі кезінде – жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару – 22 (жиырма екі) жұмыс күні:

1) Мемлекеттік корпорация ақы төленген жағдайда жер-кадастрлық жоспарды дайындайды және оны жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға жолдайды – 10 (он) жұмыс күні;

2) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның басшысы жер-кадастрлық жоспарды қарайды, бекітеді және жауапты орындаушыны анықтайды – 2 (екі) жұмыс күні;

3) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның жауапты орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін дайындайды және көрсетілетін қызметі берушінің басшысына жолдайды – 3 (үш) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметі берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қарайды және қол қояды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің көшірмесін жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органға уақытша жер пайдалану шартын дайындау үшін жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

5) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган шартты дайындайды және қол қояды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің көшірмесін, жер-кадастрлық жоспарды және көрсетілетін қызметті алушы қол қою үшін екі данадағы шартты Мемлекеттік корпорацияға жолдайды – 1 (бір) жұмыс күні;

Күші жойылған

6) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды беруді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушыға уақытша жер пайдалану шартына екі данада қол қойғызады - 3 (үш) жұмыс күні.

4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

11. Мемлекеттік корпорация қызметкерінің көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттар топтамасын қабылдауы Мемлекеттік корпорацияға жүгіну кезінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша іс-қимылды бастауға негіздеме болып табылады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтініштің дұрыс толтырылуын және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар топтамасының осы Регламенттің 5-тармағына сәйкес толықтығын тексереді - 5 (бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық тапсырмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде - көрсетілетін қызметті алушыға өтініштің қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады;

2) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіреді, көрсетілетін қызметті алушы жайында тиісті ақпаратты және берілген құжаттардың тізімін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған ықпалдастырылған ақпараттық жүйеге (бұдан әрі -

Күші жойылған

ХҚКО ЫАЖ) енгізеді, көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді – 5 (бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оларды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік немесе осыған уәкілетті өзге де байланыс арқылы жібереді – 1 (бір) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттауға сәйкес рәсімдерді(іс-қимылдарды) жүзеге асырады;

5) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жеке куәлік көрсетілген кезде (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша оның өкіліне) қолхат негізінде береді – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

13. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының іс-қимылдарының тәртібі:

1) көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіруші нөмір арқылы порталда тіркелуді (авторландыруды) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының деректерін растау және қызметті таңдау туралы хабарлама жасалады, көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтар бар болған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жасалады;

2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық сұранымның жолдарын толтыруы, Регламенттің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса тіркеу және сұранымды куәландыру (қол қою) және оның түпнұсқалығын растау үшін көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сын таңдау.

Күші жойылған

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сының түпнұсқалығы расталмаған жағдайда бас тарту туралы хабарлама жасалады;

3) көрсетілетін қызметті беруші электрондық мемлекеттік қызметті көрсету туралы электрондық сұранымды ЭЦҚ арқылы куәландырады (қол қояды).

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды порталға тапсырған кезде – «жеке кабинетке» мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі;

4) көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) іс-қимылдарының тәртібін сипаттауға сәйкес рәсімдерді (іс-қимылдарды) іске асырады;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жібереді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдер (іс-қимылдар) ретінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ өзге де көрсетілген қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимыл тәртібінің және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы Регламентке 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

Құқықтық жойылған

5. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

15. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды

бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну жолымен көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту мен қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған болады.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.moa.gov.kz интернет-ресурсындағы: «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары» – «Жергілікті атқарушы органдар» кіші бөлімінде;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

18. Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

19. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 1414, 8 800 080 7777.

Күші жойылған

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 16.03.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 16.03.2020
Дата скачивания 29.03.2024

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1 қосымша

«Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсетуді жүзеге асыратын Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары

Күші жойылған

Р/с №	Облыстың, аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдарының атауы	Тұрған жері	Байланыс телефоны	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты» КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 58	8715-2-46 -42-70	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Айыртау ауданы				
2	«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің аппараты» КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы Шоқан Уәлиханов көшесі, 44	8715-33-2 -26-46	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл ауылы Янко көшесі, 19	8715-33-2-18-57	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
			8715-33-4-11-41	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және ме-

	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылы Центральная көшесі, 17		реке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антонов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Антоновка ауылы Ленин көшесі, 39	8715-33-2-61-17	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Украин ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Кирилловка ауылы Ленин көшесі, 38	8715-33-2-41-82	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылы Школьная көшесі, 2	8715-33-5-47-86	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казан ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казанка ауылы	8715-33-2-31-48	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Нижнеборлық ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Нижний-Бурлук ауылы Центральная көшесі, 34	8715-33-4-84-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаков ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылы Школьная көшесі, 40	8715-33-4-82-17	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін

Күші жойылған

				да, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Имантау ауылы Ленин көшесі, 51	8715-33-4-55-43	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобанов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Лобанов ауылы Ленин көшесі, 29	8715-33-4-62-44	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Константинов ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Константиновка ауылы Куйбышев көшесі, 70	8715-33-4-82-17	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қамсақты ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Карасевка ауылы Мир көшесі	8715-33-2-53-22	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қаратал ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Қаратал ауылы Орталық көшесі, 2	8715-33-5-16-28	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Елецк ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Елецкое ауылы Зеленая көшесі, 34	8715-33-2-96-34	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап

Күші жойылған

				жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
Ақжар ауданы				
3	«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің аппараты» КММ	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Талшық ауылы Целинная көшесі, 15	8715-46-2-14-41, 2-11-24	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Айсары ауылы Абай көшесі, 10-үй	8715-46-5-13-46	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ақжарқын ауылы Ленин көшесі, 5-үй	8715-46-5-22-94	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Алқатерек ауылы Ғабдуллин көшесі, 1-үй	8715-46-3-32-22	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Ұялы ауылы Маркин көшесі	8715-46-4-02-10	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылдық округінің әкімі	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы Восход ауылы Қонаев көшесі, 5-үй	8715-46-5-19-93	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап

Күші жойылған

				жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін
